

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТИІМДІЛІГІ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ИННОВАЦИОННОЙ И ПОСТИНДУСТРИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В КАЗАХСТАНЕ

ЭОЖ 330.1

Б.С.Мырзалиев, Л.Т.Тайжанов

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан
(E-mail: borash2006@mail.ru)*

Қазақстанда моноқалалардың экономикалық жүйесінің ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыру

Моноқалалардағы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы барлық әлеуметтік-экономикалық үдерістердің тұрақсыздығына алып келуде және ол халықтың көп бөлігіне әсерін тигізуде. Қазіргі уақытта Қазақстанда моноқалалардың экономикалық дамуының ғылыми әдістемесінің бағалауы нашар әзірленген, ал ол, өз кезегінде, бұл жағдайда аса маңызға ие. Қазіргі заманғы моноқалалардың теориялық аспектілерінің әдістемесі мен негізін қалаушы әр түрлі экономикалық ойлардың мектептері мен бағыттары бір-бірімен тығыз байланысты және олар моноқалалардың оңтайлы жұмыс істеу тәжірибесі мен әлеуметтік-экономикалық дамуының тиімді мемлекеттік реттеуін анықтайды. Әлемдік экономиканың тәжірибесінде моноқалалардың қалыптасу үрдісі мен дамуына қоғамның өндіру күштерін бөлу теориясы елеулі әсерін тигізді және оның негіздерін қалаушы неоклассикалық экономикалық бағыттың өкілдері болды.

Кілт сөздер: моноиндустрия, құрылымы бар қала, моноэкономикалы қала, мономаманданған қала, қала құраушы кәсіпорын.

Әлем қазіргі таңда үлкен қалалардың пайда болуымен қатар олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің саяси үдерістерге әсері мен адамзаттың болашақта өмір сүру мәселелеріне алаңдауда. Өйткені адамның келешектегі тағдыры негізінен провинцияларда емес, осы үлкен де орталық қалаларда шешіледі. Ғалымдар бұл үрдісті урбанизация деп атайды.

Соңғы жылдары қала туралы ғылымның кескіндері пайда бола бастады. Ежелгі грек философы Аристотель қала тұрғындарының бір алаңда жиналып, бір-бірімен танысып, ой-пікірлерімен және шешімдерімен бөліспеуі үшін әрбір қаланың тұрғынын 10 мың адаммен шектеуді ұсынған.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде, әсіресе экономикасы дамыған елдерде, қала халқының саны жалпы халық санының 85–90 % құрайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамына сүйенсек, 2020 жылдарға қарай қала тұрғындары жалпы тұрғындардың — 55 %, ал 2050 ж. жер шарының 85 % қала тұрғындары құрайтын болады деп күтілуде.

Дегенмен дүние жүзі халқының барлығы үлкен қалаларда өмір сүрмейді. Оның ішінде адамдардың бір бөлігі орта, шағын, бір салалы қалалар мен ауылдық аймақтарда тұрады. Мұның өзі аталған аймақтарда елдің әлеуметтік және экономикалық дамуын терең зерттеуді талап етеді.

Қазақстан аймақтарында бір салалы (шағын монобейінді, моносипаттағы) қалалардың мемлекетте алатын орны ерекше. Олар әлеуметтік-экономикалық және қаланың экологиялық саясатын жоспарлауда ерекше нысан болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 ж. 28 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Үкімет елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауы тиіс. Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалалардың дамуы — өз алдына бөлек

мәселе. Жаңаөзендегі жағдай бір салалы шағын қалалардың әлеуметтік қатерге жақын екенін көрсетті. Үкіметке бір салалы шағын қалаларды дамыту туралы арнайы бағдарлама жасауды тапсырамын. Онда қаланың экономикасындағы әрбір нақты бағытты әртараптандыру, әлеуметтік саланы дамыту ескерілуі қажет», – деген болатын [1].

Қазақстанда аймақтық және жергілікті деңгейдегі басқарушылық ұйымның қызметтерін реттеуде «моноқала» ұғымының заңнамалық тұрғыда әлі де толық зерттелмеген мәселе екендігін байқауымызға болады. Сондықтан бұл зерттеудің мақсаты «қала» ұғымын «моноқала» ұғымының негізі ретінде қарастырып талдау зерттеудің ең маңызды бөлігі болып табылады.

Ғылыми және тәжірибелік маңызы бар мәселелердің шешілмеуі, бір салалы қалалардың дамуын тиімді басқару, жалпы және аймақ көлемінде экономиканы әртараптандыру бойынша аймақтың экономикасына әсері туралы ізденіс зерттеудің маңыздылығын айқындайды.

Қазіргі уақытта әр түрлі саладағы еліміздің және шетел ғалымдарының осы моноқалалардың даму ерекшеліктеріне байланысты ұсынған бірнеше ұсыныстары және әрбір сала ғалымының көзқарасы мен әлемдік экономикалық теорияда олардың зерттеу жұмыстары арнайы басылымдарда жарияланған. Қала жіктемесінде қала тіршілігінің аграрлық саладан алшақтығы, қала халқының өмір сүру деңгейі, халықтың орналасуы бойынша бір-бірінен ара қашықтығы және шоғырлануын атап көрсету болып табылады.

Қалаларды топтастыруда жұмыспен қамтамасыз ету белгілерін ең бірінші Америкадағы 377 қаланың жіктемесін жасаушы Ч.Харрис болды. Ол 9 түрлі қала санатын анықтады және олар индустриалды қалалар, индустриалды функциясы аз қалалар, тау-кен өндіріс қалалары, бөлшек сауда қалалары, көтерме сауда қалалары, байланыс қалалары, демалыс қалалары, мультифункционалды қалалар және университет қалалары болып сараланды [2,3]. Әдістемелік құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында автор қалалардың функционалдық бейінін анықтауда мына формуланы қолдануды ұсынды:

$$R_{region} = R_{country} \cdot P_{region} / E_{country}$$

мұнда R_{region} — белгіленген аймақтағы(қаладағы) белгілі бір индустрияда жұмыс жасайтын жұмысшылардың саны; $R_{country}$ — осы аталған индустрияда мемлекет бойынша жұмыс істейтін халықтың саны; P_{region} — аймақтағы(қаладағы) орналасқан халықтың саны; $E_{country}$ — мемлекеттегі жалпы жұмысшы халықтың саны. Көрсетілген автордың жолы бойынша біз мультифункционалды қалаға қарсы монофункционалды қаланы атай аламыз және, автордың сипаттауы бойынша, белгілі бір мамандануымен сипатталатын қаланы қабылдаймыз. Осылай барлық қала санынан (377 қала) Харрис монофункционалды, немесе монобейінді, қалаларды алып көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл жердегі айта кететін мәселе, «функция» мен «бейін» терминдері қаланың өндірістік қызметінің бейінділігіндегі функциясын анықтауда бірін-бірі жоба алу қабілеттігі. Бұл қалалардың «монобейін» мен «монофункция» ұғымының айырмашылығын анықтауға рұқсат бермейді.

С.Ожегов, Н.Шведова, Д.Ушаковтың түсіндірмелік сөздіктерінде «қала» ұғымын анықтағанда көп халық орналасқан жерді айтады және ол өз кезегінде әкімшілік, сауда-саттық, индустриалдық немесе мәдени орталық болып табылады [4, 5] және арнайы санатына қарай басқару орталығы бар ұғымды айтады [6]. Қаржылық энциклопедиялық сөздіктерде қаланы көп халық мекендейтінін және оның көпшілігі жұмысшылар, ал олар ауыл шаруашылық саласында жұмыс істемейтін жұмыскерлер болуы керек. Бұндай белгілерге, яғни, халық санының көрсеткіштері ірі экономикалық сөздіктерде қала ретінде және заңнамалық тұрғыда қала халқының санын қарастырады. Бірақ бұл халық санының көрсеткіштері әр мемлекетте әр түрлі ерекшеленеді. Мысалы, Данияда 250 адамнан басталып Жапонияда 30 мың адамға дейін жетеді. Ресейде қала болып саналу үшін 12 мыңнан аса адам өмір сүруі керек және оның 85 % ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істемеуі қажет.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы бойынша қала мәртебесіне қатысушылар, елді мекен тұрғындарының санының ең төменгі шегін анықтау тетіктері толық әзірленбеген, осы себептерге байланысты белгілі бір дәрежеде халық шаруашылық және аймақтық заңдылықтар бойынша көрсетілген категориядағы қалалардың ара жігін анықтауда қиындықтар туындауда. Мысалы, Украина, Өзбекстан, Молдова, Қырғызстан мен Тәжікстанда қала халқының ең төменгі сандық көрсеткіші 10 мың адам, Қазақстанда, Латвияда, Арменияда, Түркіменстанда және Эстонияда — 8 мың, ал Белоруссияда — 6 мың, Грузияда, Әзербайжанда — 5 мың адам, Литвада сандық көрсеткіш

анықталмаған. Көптеген посткеңестік тәуелсіз мемлекеттерде заңнамада көрсетілген көрсеткіштерден төмен халқы бар қалалар бар [7].

Барлық қалалардың ішінен бейін, мамандану, негізгі индустрия, «функция» ұғымымен қатынасы бар моноқалаларды алып қарастырайық.

Монобейінді сипат қалада жалғыз индустрияның немесе экономикалық саланың басымдылығымен анықталады. «Монобейін» құрылымы ғылыми әдебиеттерде мономамандандырылған, моноқала, «бір компанияның қаласы» деген түсінік береді (1-кесте).

1 - кесте

Шетел әдебиеттеріндегі моноқалалардың сипаттамасы

Ұғымдар	Мемлекет	Сипаттамасы	Елді мекендер атауы
Бір индустриялды қала	АҚШ, Ұлыбритания	Қаладағы барлық индустриялық кәсіпорындар тек бір индустрияға тиесілі	Бирмингэм, Питсбург
Зауыт-қала	АҚШ	Индустриялды кәсіпорынның айналасындағы қала	Манчестер
Фабрика-қала	Ұлыбритания, Еуропа	Текстиль өндірісінің айналасында құрылған қала	Престон, Бурлингтон
Компания-қала	АҚШ, Ұлыбритания, Жапония	Қала толығымен бір компанияның (инфрақұрылым, ғимараттар тағы басқа) меншігінде	Тойота, Жамшедпур
Тау кен-қала	АҚШ, Аустралия	Тау-кен өндірісін өндіруге ынталанған елді мекен	Теннат, Крик
Темір жол-қала	АҚШ, Канада	Ірі темір жол қиылыстарына жақын қала	Атланта, Денвер
Ресурсты-қала	Канада	Табиғи ресурстарды өндіретін кәсіпорынға жақын орналасқан елді мекен	Глэйс-Бей, Эллиот-Лейк

Ескерту. Дерек көзі: [8–20].

Қазақстанда қалаларды әлуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша зерттеу жұмыстарының тапшылығына байланысты, кейбір сәйкес немесе ұқсас деректерді ресейлік қалаларды жіктеу жүйесінің әдістемесі бойынша қарастыру қажеттілігі болып отыр.

Біздің ойымызша, моноқалаларды жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде екі деңгейлі басқару — қалалық субъектінің аталып көрсетілуі және ол жердегі елді мекендер мен аймақтардың (қала типтес қоныстармен қоса) әкімшілік аумақта біріктірілуі мүмкін. Мұндай тәжірибе Қазақстанның кейбір аймақтарында пайдаланылып келеді. Мысалы, Түркістан, Арыс және т.б. қалалар әкімшілік аумағына ауылдық округтердің тікелей енуі мен басқару жүйесінің бірге болуы. Бірақ бұл жүйе жоғары дәрежеде кенттелген қалалардың өздеріне тән ерекшелік сипаттарын толық есепке алу мүмкіндігіне ие болмайды. Сол себепті Ресейде «кенттелген (қала) аймақ» ұғымының пайда болуы және қала ішіндегі аймақтардың онымен әкімшілік негізде біріктірілуі басқару жүйесіндегі шығындарды азайтудың негізі болып табылады [21].

Мынадай категорияларды, яғни тұрғындар категориясын, индустриялық және аграрлық өндірістің үйлесуін, елді мекендердің бірнеше орталыққа орнығуға ұмтылуы, жолдардың жағдайы және барлық елді мекендердің коммуникацияларын аграрлық және қалалық елді мекендер деп бөлуге болады.

П.Хаггет [22] индустриялды, әкімшілік, сауда, университетті және демалыс қалаларын ескеруде қаланың мамандану индексын есептеуді ұсынды. Егер қаланың экономикасының негізгі даму көзін айқындай алатын болсақ, қалаларды жоғарыда аталған қалалар жіктемесіне жатқызуға болады. Мысалы, Ресейде Федерациясының депрессивті аймақтарын қолдау туралы құқықтық құжаттарда қалалардың даму деңгейін анықтауда негізгі индустрия көзіне басты назар аударуды ұсынды. Ол өз кезегінде құрылыс, индустриялды өндіріс, коммуникация, көлік, сауда немесе ауыл шаруашылығы болуы мүмкін және ол жерде соңғы он екі жылда халықтың 15 %-нан кем емесі жұмыс жасауы қажет немесе жалпы аймақтық өнімнің 20 %-нан индустрия бөлігі аз болмау керек.

Ю.Сурмин [23] өзінің зерттеулерінде жергілікті құрылымды оның функциялық белгілеріне қарай мультифункционалды және монофункционалды (бюджет, индустриялды, демалыс, тағы басқа) деп

бөлуді ұсынды. Қалаларды жіктеудегі тағы бір сипатының белгілеріне қаланың негізгі кәсіпорынының индустриялды қызметін анықтайтын мамандану болып табылады.

Г.Кузнецова [24] «мультибейінді» ұғымын қала экономикасының мамандануында бір индустрияның басымдылығы ретінде қарастырды. Г.Кузнецова бұған қоса «монобейінді елді мекен» терминін пайдаланды және оны сандық көрсеткіштермен анықтады. Оған қаладағы басымдылық көрсететін индустриядағы өнеркәсіптің өнімі қаладағы жалпы өндірілген өнімнің 50 %-дан жоғары болуымен немесе осы қаладағы халықтың 25 % астамы осы кәсіпорында жұмыс істеуімен сипаттады. Г.Кузнецова бұған қосымша монобейінді елді мекендер тобына аграрлық орман индустриясымен маманданған қоныстарды және бірнеше индустриялды емес елді мекендерді, яғни олардың басты функциясы теміржол транспорттарына қызмет көрсету, әскери бөлімдерге, рекреациялық қызметтер және ғылыми қалалар болды. Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған қоныстар «моноқала» ұғымына сәйкес келмейді.

Ресейдің кейбір әлеуметтік реформалар бағдарламаларында «моноиндустриялды салалы қала» және «моноиндустриялды қала» терминдері қолданылған. «Мономаманданған қала» және «моноэкономикалы қала» терминдері арнайы әдебиеттерде де қолданылады. Әр терминнің жалпы және жекелей сипаттары бар. В.Кожин [25] ұғымдағы моно- (грек тілінде *monos* — бір дегенді білдіреді) сөзіне ерекше назар аударады, ал бұл өз кезегінде қаланың бір бағытты екеніне сәйкес келеді және бір белгілік сипаттың басқаларға қарағанда көп таралғанын (бір қалақұраушы кәсіпорын, бір саладағы экономикалық мамандану, бір басымдылық қызметтің үстемдігі, бір жұмыс беру ортасы) көрсетеді. Бұл жерде «монобейінді», «монофункционалды», «мономамандану», «моноиндустриялды» ұғымдары бір-бірінен алшақ екенін байқауымызға болады және функционалды, мамандану, индустриялды, бейінді ұғымдарын бір-біріне жақын деп айтуға келмейді.

В.Кожин «мономамандану» терминінің артық екендігін ескереді, себебі бұл *моно* сөзіне жақын екендігін аңғаруға болады және ол ешқандай артық мағына қоспайды, сосын ол белгілі бір аймақтағы қызмет түрінің бағыты ғана болып табылады. «Монофункционалды» ұғымы, автордың айтуы бойынша, белгілі бір қаладағы бір функцияның басқалардан басым болуын айтады, мысалы, басқарушылық функционалды қала. Моноиндустриялды қала деп бір индустриялы қалақұраушы кәсіпорыны бар ұқсас қаланы айтады. Монобейінді қала — ол бір бағытқа бағытталған және бір немесе соның сипаттарына ұқсас белгілері бар қаланы айтады. Біздің пікірімізше, айтылған бірнеше терминдер бір ерекшелікке бағытталады және оны біз «моноқала» ұғымына кіргізуіміз қажет. Кез келген арнайы қаланың спецификалық сипаттарында қаланың индустриялық бағыты немесе басты функциясы және бейіні мен индустриясы бойынша сәйкес келетін терминдерді пайдалану керек.

Ресейде RWAY мамандары «моноқала» ұғымына келесі анықтаманы ұсынды: «Монобейінді қала» дегеніміз — осы қаладағы қалақұраушы кәсіпорын барлық экономикалық жағдайларды және онымен қоса маңызды болып табылатын қаладағы әлеуметтік үдерістерді анықтайды. Бұндай анықтама қалақұраушы кәсіпорынның қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы рөлінің маңыздылығы туралы мағына береді, бірақ оның қаншалықты әсер ететінін деңгейін анықтау жайлы мүмкіндік бермейді.

Ұлттық тәжірибеде моноқалаға ұқсас тағы бір термин қолданылады, ол «моноөндіріс» термині, бұл қаладағы кәсіпорынмен қала халқының жұмыс жасаудағы бір-біріне жақын қарым-қатынасын бар болуын білдіреді және олардың өмірінің негізгі аспектілеріне үлкендей бір әсер етуімен байқалады.

«Моноиндустриялды кәсіпорын», «аймақтық маңызы бар кәсіпорын», «қалақұраушы кәсіпорын» ұғымдарын салыстыратын болсақ (ал олар өз кезегінде аймақтық индустрияның, аймақтың және жалпы арнайы жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады), «қалақұраушы кәсіпорын» термині моносалалы өндірісті қаланың бір бөлігі болып табылады. Егер моноиндустриялды кәсіпорын термині индустрияға бағыттауды дәлелдейтін болса (ғылыми қаланың кәсіпорны емес немесе сервис секторының кәсіпорны емес), қалақұраушы кәсіпорын бұл сипатқа жатпайды. Осыдан шығатыны, біздің пікірімізше, екі ұғымның қарым-қатынасын жалпыдан жалқыға қарай ойлау жолы арқылы анықтауға болады. Бұл жағдайда түсініктерді міндетті түрде ескеру қажет: жүйе құраушы кәсіпорын — аймақтық маңызы бар кәсіпорын — қалақұраушы кәсіпорын — моноиндустриялды кәсіпорын болады.

«Моноқала» ұғымын анықтаудағы мәселе — бірнеше қалаларды моноқала санатына қоса салғаннан, қалалардың моноқалаларға нұсқайтын сипаттық белгілерді анықтау қиын болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысында «моноқала» түсінігіне мынадай анықтама берілген: «Моноқала — бұл бір немесе бірнеше (көп емес) қала құраушы, бір бейінді және шикізаттық бағыттағы қаланың экономикалық және әлеуметтік жағдайын айқындайтын кәсіпорындарда еңбекке жарамды халықтың және өнеркәсіп өндірісінің негізгі бөлігі (20 пайыздан астамы) шоғырландырылған қала».

«Моноқалалар санатына тұрғындарының саны 10 мыңнан 200 мыңға дейін адамы бар:

- 1) қаланың негізінен өңдеу секторының қала құраушы кәсіпорындарының өнеркәсіп өндірісінің көлемі жалпы қалалық өндіріс көлемінің 20 % астамын құрайтын (мономамандандыру);
- 2) қаланың қала құраушы кәсіпорындарында жұмыспен қамтылған халықтың 20 пайыздан астамы жұмыс істейтін;
- 3) қала құраушы кәсіпорындары жартылай істейтін немесе мүлдем істемейтін өлшемдердің бірімен сипатталатын қалалар кіреді» [26].

ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің мәліметтері бойынша, Қазақстанда бүгінгі таңда 27 елді мекен моноқала мәртебесін иеленген. Олардың басым көпшілігі шын мәнісінде дағдарыстан елеулі зардап шеккен. Жалпы алғанда, Қазақстанның моноқалаларында 1,53 млн адам, немесе елдегі қала тұрғындарының 16,8 %, мекендейді. Олардың ішінде 16 қала өздеріне тиісті аудандардың әкімшілік орталығы болып табылады, ал 11 қала аудан орталығы болып есептелмейді — Степногорск, Текелі, Серебрянск, Курчатов, Шахтинск, Саран, Қаражал, Лисаковск, Арқалық, Ақсу, Жаңаөзен. Олардың бір бөлігі облыстың маңызы бар қалалар болып саналады, ал бір бөлігі аудандардың біріктілуі нәтижесінде аудан орталығы мәртебесінен айырылып қалған.

Қазақстанның моноқалаларының тізімін негізінен 50 мың адамға дейінгі тұрғыны бар шағын қалалар құрайды. Оның ішінде тұрғындар саны 100 мыңнан астам төрт орташа қала да бар — Теміртау, Рудный, Жаңаөзен, Екібастұз.

2 - кесте

Қазақстанның моноқалалары

Облыстар	Моноқала аттары
Ақмола	Степногорск
Ақтөбе	Хромтау
Алматы	Текелі
Атырау	Құлсары
Батыс Қазақстан	Ақсай
Жамбыл	Қаратау, Жаңатас
Қарағанды	Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Саран, Сәтпаев, Теміртау, Шахтинск, Абай
Қостанай	Арқалық, Жетіқара, Лисаковск, Рудный
Маңғыстау	Жаңаөзен
Павлодар	Ақсу, Екібастұз
Шығыс Қазақстан	Зыряновск, Курчатов, Риддер, Серебрянск
Оңтүстік Қазақстан	Кентау

Ескерту. Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысы.

Қалалардың экономикалық базасын, олардың салалық құрылымындарын талдау, негізгі қала құраушы кәсіпорындардың мәліметтерін талдау бізге қалалардың үш функционалды типін бөліп алуға мүмкіндік берді:

- 1) өндіруші өнеркәсіптің басымдығымен дамитын қалалар — 21 қала:
 - көмір өндіру — Абай, Саран, Шахтинск, Екібастұз;
 - мұнай мен газ өндіру — Ақсай, Құлсары, Жаңаөзен;
 - металл кендерін өндіру — Арқалық, Балқаш, Зыряновск, Қаражал, Кентау, Лисаковск, Риддер, Рудный, Текелі, Хромтау;
 - шикізат ресурстарының басқа да түрлерін өндіру — Жаңатас, Қаратау, Жетіқара;
- 2) өңдеуші өнеркәсіптің басымдығымен дамитын қалалар — 6 қала:
 - химия өнеркәсібі — Серебрянск;
 - машина құрылысы, металлургиялық өнеркәсіп (алтын), уран өндірісі — Степногорск;
 - металлургия өнеркәсібі — Ақсу, Жезқазған, Сәтпаев, Теміртау;
- 3) ғылыми-өнеркәсіптік орталық — Курчатов қаласы.

Қала құраушы кәсіпорындардың ағымдағы жағдайы бойынша оларды төмендегіше ажыратуға болады:

- 1) қала құраушы кәсіпорыны жұмыс істейтін моноқалалар (19 қала) — Абай, Ақсай, Ақсу, Балқаш, Жаңаөзен, Жезқазған, Жетіқара, Зыряновск, Қаражал, Құлсары, Курчатов, Лисаковск, Риддер, Рудный, Сәтпаев, Теміртау, Хромтау, Шахтинск, Екібастұз;
- 2) қала құраушы кәсіпорыны арақідік жұмыс істейтін моноқалалар (5 қала) — Арқалық, Жаңатас, Қаратау, Саран, Степногорск;
- 3) қала құраушы кәсіпорыны жұмыс істемейтін моноқалалар (3 қала) — Кентау, Серебрянск, Текелі.

Мысалы, қазіргі уақытта Ресейде «моноқала» ұғымын анықтауға келесі әдістер қолданылады. Бірінші әдіс: егер қала моноқала болып есептелсе, қалада бір кәсіпорында 5000 жоғары жұмыскер жұмыс жасайтын болса; қала халқының 1/4 (отбасы мүшелерін қоса алған кезде) осы жерде жұмыс істейтін болса болады. Бұны ескеретін болсақ, қала санатының болуы маңызды емес, егер осы сипаттар басқа да халық қоныстанған жерлерде кездесетін болса, бұларды да моноқалаға жатқызуға болады.

Сонымен қатар «монобейінді қала» ұғымы жайында және оның сипаттық белгілері жайлы Ресей үкіметінің ресми құжаттарында моноқалаларды сипаттаудағы негізгі белгілері келесідей құрастырылып көрсетілген: қалақұраушы кәсіпорны — қала ішінде өндірілген өнімнің жалпы көлемінің 50 %-на жоғарысын өндіру қажет немесе қала экономикасындағы жалпы халық санының 25 %-дан кем емесі осы монобейінді өндірісте жұмыс жасауы міндетті.

Екінші әдіс «моноқала» ұғымының кеңірек жағдайын қарастырады, яғни оның сәйкестендірілген дәрежеде бюджетке түсетін табыс көзі бір немесе екі кәсіпорынның есептелгенін ескереді. Мысалы, қала бюджетінің 30 % қала кәсіпорының өндірістегі қызметінен түсетін болса, онда ол қалақұраушы кәсіпорын болып саналады және, сәйкесінше, халық орналасқан жер моноқала болып аталады. Бұл нұсқаулар қалақұраушы кәсіпорын туралы ғана емес, моноқала жайлы кеңірек ұғынуға ой тастайды [27–29].

Айта кету керек, қалалардың монобейінді қалаларға сипаттайтын белгілерін жатқызуға, әсіресе олардың мемлекеттік қолдауы кезінде олар айтарлықтай өзгеріске ұшырайды. Осылай Ресей Федерациясының Үкіметі моноқалалардың әлеуметтік дамуындағы қаржылық дағдарыстың кері әсерін тигізетін мәселелерді азайту мақсатында ведомствоаралық жұмыс тобын құрды және осы жұмыс тобы монобейінді қалалардың санатын анықтайтын белгілерді жасап шығарды. Оларды нақтырақ атап өтетін болсақ:

- бір немесе бірнеше өндірістік технологиялық процесс аясында жұмыс жасайтын кәсіпорындардың қолжетімді болуы және осы кәсіпорындарда экономикалық белсенді халықтың 25 % астамы жұмыс жасауы қажет;
- бір немесе бірнеше өндірістік технологиялық процесс аясында жұмыс жасайтын кәсіпорындардың қолжетімді болуы және осы кәсіпорындар қаладағы өнімдердің 50 %-нан жоғары өнімін өндіруі қажет;
- қосымша моноқала санатын анықтайтын белгілерге бір немесе бірнеше өндірістік технологиялық процесс аясында жұмыс жасайтын кәсіпорындардың қолжетімді болуы және осы кәсіпорындардан түсетін жергілікті бюджет құрылымына осы қаладағы барлық кәсіпорындардың бюджетке түсетін түсімдері мен салықтарының 20 % кем болмауы тиіс.

Осы сипаттық белгілерді қарастыра отыр, қалалардың сандық көрсеткіштеріне қарағанда осындағы ерекшеліктер кәсіпорынның қаланың дамуындағы әсеріне маңызды екеніндігін көрсетеді. Біріншіден, моноқалалардың және қалақұраушы кәсіпорындарының сандық анықтамасын ресми сипаттары арқылы қаладан моноқалаға және жүйе құрайтын кәсіпорыннан қалақұраушы кәсіпорынға нұсқауды жорамалдау арқылы анықтау оңайға түседі. Бірақ бұл ресми сипаттар мемлекеттің экономикалық даму мақсатымен тапсырмаларына байланысты заңнамада өзгертілуі мүмкін. Екіншіден, олар бірнеше кәсіпорындардың қала экономикасына тигізетін әсерінің деңгейін асыра сілтеп жібере алады. Сондықтан біз бұл белгілерді қатып қалған ереже ретінде қабылдауды дұрыс деп санамаймыз, бірақ қала экономикасына кәсіпорынның әсер ету деңгейін бағалауды дұрыс деп ойлаймыз.

Бұл белгілердің басқа да қолайсыз жақтары — олардың статистикалық есепке алу жүйесі. Мысалы, моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық даму жобасы қабылданбағанымен, ол идеяны уақытша шектеуге қоюы, белгілі бір уақытында олардың ерекше деңгейде қойылғанының өзі жақсы

екенін көрсетеді. Бұл дегеніміз, тек қалақұрушы кәсіпорынның қала экономикасына әсер ету деңгейінің анықталғаны ғана емес, оның ұзақтығында көрсетеді. Сонымен, егер қала экономикасының саласында өзгерістер тек қалақұраушы кәсіпорынның өнімі бірден төмен түсуінен болса, онда ол жағдайда өзгеріс тудырған себеп анықталып, оның ары қарай дамуы айқындалады.

Бұл талдау қаладан моноқалаға нұсқайтын негізгі белгілерге кәсіпорын (немесе бірнеше компаниялардың) өндірісінің Қазақстанда — 20 %, Ресейде 50 % жалпы өндірістегі алатын үлесін немесе осы кәсіпорында жұмыс жасайтын экономикалық белсенді халықтың 20 % үлесін ескеруді түйіндейді.

Қорытындылай келе, осы белгілердің динамикалық өзгерісін талдау қажеттілігі және осы арқылы моноқала экономикасы саласындағы болатын өзгерістерді ықтималдылыққа алуға мүмкіндік береді, себебі нарықтағы тұрақсыз сұраныс пен ұсыныстан, қала құраушы кәсіпорындардың жағдайлары нашарлап, көптеген жұмыс орындарының жабылып қалу қауіпі әлі де сақталып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты // Егемен Қазақстан. — 2012. — 28 қаңт.
- 2 Chauncy Harris D. A functional classification of cities. — The United States. Geographical Review. — New York, 1943. — P. 86–99.
- 3 Chauncy Harris D. The cities of the Soviet Union, United States Review. — New York, 1945; 1975. — P. 107–121.
- 4 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка (включающий более 41089 словарных статей). — М.: Изд-во «Азъ», 1992.
- 5 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка (включающий более 70000 слов). — М., 2010.
- 6 Ушаков Д.Н. Толковый словарь современного русского языка (100000 слов и словосочетаний). — М.: Аделант, 2013. — 800 с.
- 7 Мырзалиев Б.С. Социально-экономическое развитие малых и монопрофильных городов: Монография. — Алматы, 2013. — С. 10.
- 8 Atlas of Shrinking Cities Edited by Philipp Oswalt and Tim Rieniets. Hatje/Cantz. Ostfildern. — 2006.
- 9 Champion A. Urbanization, Suburbanization, Counterurbanization and Reurbanization. Handbook Urban Studies, ed. Paddison R. — 2001. — P. 143–160.
- 10 Couch C., Fraser C., Perys S. Urban regeneration in Europe. — Blackwell Publishing, 2003. — P. 167.
- 11 Graham S. Imagining the real-time city: telecommunications, urban paradigms and the future of cities. Imagining Cities. Edit. by Westwood S., Williams J. Routledge, 1997. — P. 31–49.
- 12 Haase A., Steinführer A., Kabisch S. Understanding, Hypotheses and Key Indicators of Reurbanisation with Reference to Demographic Change. Compilation based on the contributions of the project consortium, September. — 2003.
- 13 Hall P. Aged Industrial Countries. Atlas of shrinking cities. Ostfildern: Hatje Cantz Verlag. — 2006.
- 14 Illeris S. Counterurbanization revisited: the newmap of population in central and northwestern Europe. — in: M.J.Bannon, L.S.Bourne and R.Sinclair (Eds) Urbanization and Urban Development. — Dublin: Service Industries Research Centre, 1991. — P. 1–16.
- 15 Keeble D. Industrial Decline in the Inner City and Conurbation. Transactions of the Institute of British Geographers, New Series, 1978. — P. 1–3.
- 16 Kotkin J. Suburbia: Homeland of the American Future. The next American City. — 2006. — P. 11–19.
- 17 Lever W.F. Deindustrialisation and the reality of the post-industrial city. Urban Studies. 6 (28). — 1991. — P. 983–999.
- 18 Lever W.F. Reurbanisation — the Policy Implications. Urban Studies. — 2 (30). — 1993. — P. 267–284.
- 19 Mills E. Studies in the structure of the urban economy. — Baltimore: John Hopkins. — 1972.
- 20 Panebianco S., Kiehl M. Suburbanisation, Counterurbanisation, Reurbanisation? An empirical analysis of recent employment and population trends in Western Europe. — Paper presented at the ERSA 2003 conference, Jyväskylä.
- 21 Иванец Г.И., Калинин И.В., Червонюк В.И. Конституционное право России: энциклопедический словарь / Под общ. ред. В.И.Червонюка. — М.: Юрид. лит., 2002. — 432 с.
- 22 Хаггет П. География. Синтез современных знаний (переводчик: Л.Кудряшева) / Прогресс. — 1979 г. — 688 с.
- 23 Сурмин Ю.П. Теория систем и системный анализ: Учеб. пособие. — Киев: МАУП, 2003. — 368 с.
- 24 Кузнецова Г.Ю. Социально-экономические трансформации монопрофильных поселений в переходной экономике. Региональные исследования. — 2004. — № 1 (3). — 33–43 с.
- 25 Кожин В.А. Управление социально-экономическим развитием моногорода / В.А.Кожин, А.А.Преснецов, В.С.Провалов. — Киров: ВятГГУ, 2008. — 312 с.
- 26 Монокалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 683 Қаулысы.
- 27 Об актуализации перечня моногородов // Приказ Минрегиона России от 23 декабря 2011 г. — № 597. — [ЭР]. Режим доступа: www.pfo.ru

28 О критериях отнесения муниципальных образований Российской Федерации к монопрофильным (моногородам) и категориях монопрофильных муниципальных образований Российской Федерации (моногородов) в зависимости от рисков ухудшения их социально-экономического положения // Постановление Правительства РФ от 29 июля 2014 г. — № 709.

29 О Перечне монопрофильных муниципальных образований РФ (моногородов) // Распоряжение Правительства РФ от 29 июля 2014 г. № 1398. — [ЭР]. Режим доступа: www.government.ru

Б.С.Мырзалиев, Л.Т.Тайжанов

Формирование научно-теоретических основ экономической системы моногородов Казахстана

В статье показано, что неустойчивость экономической ситуации в монопрофильных городах ведет к нестабильности всех социально-экономических процессов и затрагивает большие массы людей. Однако в Казахстане, отмечают авторы, слабо разработана научно-методическая оценка развития экономики моногородов, которая приобретает в настоящее время все большее значение. Современные теоретические аспекты моногородов, подчеркнута в статье, тесным образом взаимосвязаны с различными школами и направлениями экономической мысли, формирующими их основы и методологию, определяющими особенности практики оптимального функционирования моногородов и наиболее рационального государственного регулирования их социально-экономического развития. Выделено, что в практике мировой экономики существенное влияние на процесс формирования и развития моногородов оказала теория размещения производительных сил общества, основы которой были заложены представителями неоклассического направления экономической мысли.

B.S.Myrzaliev, L.T.Taizhanov

Formation of scientific-theoretical foundations of the economic system monotowns of Kazakhstan

The instability of the economic situation in the single-industry towns leads to instability of all socio-economic processes and affects large numbers of people. However, in Kazakhstan poorly developed scientific-methodical assessment of economic development of mono-towns, which now becomes more and more important. Modern theoretical aspects of single-industry towns are closely linked with various schools and trends of economic thought, forming their framework and methodology for determining the particular practice of optimal functioning of single-industry towns and the most efficient state regulation of their socio-economic development. In practice, the global economy a significant impact on the formation and development of single-industry towns had a theory of the distribution of productive forces of society, the foundations of which were laid by representatives of the neoclassical school of economic thought.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *Socio-economic modernization — main direction of development of Kazakhstan*. Independent Kazakhstan, 2012 January, 28.
- 2 Chauncy Harris D. *A functional classification of cities*. — The United States. Geographical Review, New York, 1943, p. 86–99.
- 3 Chauncy Harris D. *The cities of the Soviet Union*, United States Review, New York, 1945; 1975, p. 107–121.
- 4 Ozhegov S.I., Shvedova N.Y. *Dictionary of Russian language (which includes more than 41,089 entries)*. Publ. house «Az», 1992.
- 5 Ozhegov S.I., Shvedova N.Y. *Dictionary of Russian language (including more than 70,000 words)*, Moscow, 2010.
- 6 Ushakov D.N. *Explanatory dictionary of modern Russian language (100,000 words and phrases)*, Moscow: «Adelant», 2013, 800 p.
- 7 Myrzaliev B.S. *Socio-economic development of small and single-industry town: monograph* Almaty, 2013, p. 10.
- 8 *Atlas of Shrinking Cities*, edit. by Philipp Oswalt and Tim Rieniets. Hatje/Cantz. Ostfildern, 2006.
- 9 Champion A. *Urbanization, Suburbanization, Counterurbanization and Reurbanization: handbook* Urban Studies, edit. Paddison R., 2001, p. 143–160.
- 10 Couch C., Fraser C., Persy S. *Urban regeneration in Europe*, Blackwell, 2003, p. 167.
- 11 Graham S. *Imagining the real-time city: telecommunications, urban paradigms and the future of cities. Imagining Cities*. Edit. by Westwood S., Williams J. Routledge, 1997, p. 31–49.
- 12 Haase A., Steinführer A., Kabisch S. *Understanding, Hypotheses and Key Indicators of Reurbanisation with Reference to Demographic Change. Compilation based on the contributions of the project consortium*, 2003, September.

- 13 Hall P. *Aged Industrial Countries. Atlas of shrinking cities*. Ostfildern, Hatje Cantz Verlag, 2006.
- 14 Illeris S. *Counterurbanization revisited: the newmap of population in central and northwestern Europe*, in: M.J.Bannon, L.S.Bourne and R.Sinclair (Eds) *Urbanization and Urban Development*, Dublin: Service Industries Research Centre, 1991, p. 1–16.
- 15 Keeble D. *Industrial Decline in the Inner City and Conurbation*. Transactions of the Institute of British Geographers, New Series, 1978, p. 1–3.
- 16 Kotkin J. *Suburbia: Homeland of the American Future*, The next American City, 2006, p. 11–19.
- 17 Lever W.F. *Deindustrialisation and the reality of the post-industrial city*, Urban Studies, 6 (28), 1991, p. 983–999.
- 18 Lever W.F. *Reurbanisation — the Policy Implications*, Urban Studies, 2(30), 1993, p. 267–284.
- 19 Mills E. *Studies in the structure of the urban economy*, Baltimore: John Hopkins, 1972.
- 20 Panebianco S., Kiehl M. *Suburbanisation, Counterurbanisation, Reurbanisation? An empirical analysis of recent employment and population trends in Western Europe*, Paper presented at the ERSA 2003 conference, Jyväskylä, 2003.
- 21 Iwaniec G.I., Kalenski I.V., Chervonyuk V.I. *Constitutional Law of Russia*, Encyclopedic Dictionary / ed. it. V.I.Chervonyuk, Moscow, jurid. Lighted., 2002, 432 p.
- 22 Hagget P. *Geography. Synthesis of current knowledge* (translator: L.Kudryasheva), Progress, 1979, 688 p.
- 23 Surmin Yu.P. *Systems theory and systems analysis: Proc. allowance*, Kiev: AIDP, 2003, 368 p.
- 24 Kuznetsova G.Yu. *Socio-economic transformation of single-industry communities in a transition economy*, Regional studies, 2004, 1 (3), p. 33–43.
- 25 Kojin V.A. *Management of the socio-economic development of company towns* / V.A.Kojin., Presnetsov A.A., Provalov V.S., Kirov: VyatGGU, 2008, 312 p.
- 26 *On approval of the program for 2012–2020 for the development of single-industry towns*, Resolution № 683 dated May 25, 2012, the Government of the Republic of Kazakhstan.
- 27 *On the updating of the list of one-company towns*, Order Ministry of Regional Development of Russia on December 23, 2011 597, [ER]. Access mode: www.pfo.ru
- 28 *On the Criteria of municipalities of the Russian Federation to the single-industry (single-industry towns) and the categories of single-industry municipalities of the Russian Federation (monocities) depending on the risk of deterioration of their socio-economic status*, Government Decree of July 29, 2014, 709.
- 29 «On the list of single-industry municipalities of the Russian Federation (one-company towns).» Order of the Government of the Russian Federation on July, 29, 2014, 1398, [ER]. Access mode: www.government.ru